

КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ!

Орналасқан орны: Қаратау қаласы, А.Шейна көшесі №4

Пошталық мекен-жайы: sadik.astana2021@yandex.kz

Телефон нөмірі: 5-06-74

Мекеме атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Астана» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Лауазым атауы: Саз жетекші - бос орынға

Негізгі функционалдық міндеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына сәйкес балаларды эстетикалық дамыту мен музыкалық тәрбиелеуді жүзеге асыру;
2. Музыкалық сабақты, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды. Балалармен жеке жұмысты жүргізу;
3. Балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық және дидактикалық ойындар өткізу;
4. Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысу;
5. Балалармен жұмыс жасауда инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізу;
6. Балаларды музыкалық тәрбиелеу мәселесі ата-аналар мен тәрбиеленушілерге кеңес беру;
7. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу;

Еңбек ақы мөлшері: 1,0 штаттық бірліктен екі қызметкер (100 000 - 150 000 теңге аралығы).

Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

- Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- Жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс-парағы (нақты тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілген бар болса);
- Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- Еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі (бар болса);
- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23469 болып тіркелген);
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- Біліктілік тестілеу сертификаты;
- Түйіндеме.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 7 күн